22260738209

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2025 жылғы 27 қаңтар №3115-24-00-2/3553 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.С.Сәрсенбиева қойылған талап қою бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Жамбыл облыстық тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер «Ошаева» Галия Абдуганыевна Ошаева

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:**
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Шартты бұзу

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 272 бабтарын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 267-4, 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Жамбыл облыстық тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Ошаева» Галия Абдуганыевна Ошаеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және Шартты бұзу туралы туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Ошаева» Галия Абдуганыевна Ошаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Ошаева» Галия Абдуганыевна Ошаевадан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Жамбыл облыстық тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Ошаева» Галия Абдуганыевна Ошаеваға 2024 жылғы 4 қарашадағы «Тарауларды мемлекеттік сатып алу» туралы №68 Шартты бұзу туралы туралы талап қоюы бөлігінде қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Шешім 27 қаңтар 2025 жылы шығарылды.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Құжатқа қол қойылған: Сарсенбиева Б. С., 27.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.03.2025, судья Сарсенбиева Б. С., 07.03.2025

3115-24-3-1/3781